

Кентау қалалық мәслихатының 2007 жылғы 10 қазандағы № 15 "Кентау қаласының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларды, иттер мен мысықтарды күтіп ұстау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 19 наурыздағы N 208 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 сәуірде N 14-3-86 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 5 маусымдағы № 35 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2012.06.05 № 35 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 8) тармақшасы және Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес қала әкімдігінің ұсынысын қарай келіп, Кентау қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Кентау қаласының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларды, иттер мен мысықтарды күтіп ұстау қағидасын бекіту туралы" Кентау қалалық мәслихатының 2007 жылғы 10 қазандағы № 15 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-3-48 нөмірімен тіркелген, 2007 жылғы 17 қарашада "Кентау шұғыласы" газетінің 47 нөмірінде жарияланған) шешіміне төмендегі өзгеріс енгізілсін:

Кентау қаласының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларды, иттер мен мысықтарды күтіп ұстау қағидасының 2 бөлімдегі 6-тармағының 5) тармақшасы "көшелерде итпен тек қысқа баумен, тұмылдырықпен алып жүру" деген жаңа редакцияда м а з м ұ н д а л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы М. Тұрысбеков

Қалалық мәслихатының хатшысы Е. Аширов